

Керімбекова Н.Н.,
Кабдешова А.А.

Негізгі капиталдың тиімділігін арттыру факторлары

Мақаланың басты мақсаты еліміздегі индустриалды-инновациялық саясатты жүзеге асыру барысында негізгі капиталдың тиімділігін арттыру факторлары болып табылады. Мақалада бүгінгі таңда ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру, республиканың өнеркәсіп және ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан кәсіпорындарындағы негізгі құралдардың техникалық жағдайын үнемі көтеріп отыру, негізгі құралдарды үнемі жаңартып отыру саясатын ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

Негізгі капиталды жаңарту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Оларды өз уақытысында ауыстыру, техникамен жарақтандыру, модернизациялау, реконструкциялау үрдістерін жеделдету үшін инвестициялық және инновациялық ресурстардың қажеттілігі туындайды. Өнеркәсіп кәсіпорындарында жаңа техникаға қажеттіліктің өсуі, әсіресе, машина жасау өнеркәсібі өнімдерін сатып алуға инвестиция жеткіліксіз. Кәсіпорынның техникалық базасының төмендігінен және инвестицияның тартымды болмауынан, соңғы жылдары өнеркәсіптің өңдеу секторында инвестиция белсенділігі бәсең болып келді. Инвестицияның басым бөлігі кен өнеркәсібіндегі мұнай-газ секторына бағытталған.

Түйін сөздер: негізгі капитал, өнеркәсіп, өндіріс, ғылыми-техника, мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясаты.

Kerimbekova N.N.,
Kabdesheva A.A.

Factors of increase of efficiency of fixed capital

The main purpose of the article factors improving the efficiency of fixed capital in the implementation of industrial and innovation policy in the country. The article discusses the development of domestic science-intensive industries at the present time, the development and adoption of new information technologies, focused on obtaining competitive products, ensuring the interests of national economic security through the preservation and development capacity of industry and scientific technology of the Republic, as well as the regular improvement of the technical condition of fixed assets in enterprises, the organization policy of constant renewal of fixed assets in Kazakhstan.

At the present time, the actual problem is the renewal of fixed capital. There is a need for innovative and investment resources to accelerate the replacement in time, technical equipment, modernization, reconstruction. The surge in new technology enterprises, particularly insufficient investment for the acquisition of products of engineering industry. In recent years the rate of investment in the manufacturing sector are underestimated due to the low technical base of the enterprise and due to the lack of attractiveness of the investment. In the mining industry the majority of investments directed to the oil and gas sector.

Key words: fixed capital, industrial production, scientific equipment, industrial-innovational policy of the state.

Керімбекова Н.Н.,
Кабдешова А.А.

Факторы повышения эффективности основного капитала

Главная цель статьи – исследование факторов повышения эффективности основного капитала в ходе осуществления индустриально-инновационной политики в стране. В статье рассмотрены развитие отечественных наукоемких производств в настоящее время, разработка и освоение новых информационных технологий, ориентированных на получение конкурентоспособной продукции, обеспечение интересов национальной экономической безопасности за счет сохранения и развития потенциала промышленности и научной техники республики, а также регулярное повышение технического состояния основных средств на предприятиях, организация политики постоянного обновления основных средств организации в Казахстане.

В настоящее время актуальной проблемой является обновление основного капитала. Возникает необходимость инновационных и инвестиционных ресурсов для ускорения процессов замены во время, технического оснащения, модернизации, реконструкции. Отмечен рост потребности в новой технике на предприятиях, особенно недостаточно инвестиций для приобретения продукции машиностроительной промышленности. В последние годы активность инвестиций в секторе обрабатывающей промышленности занижена из-за низкой технической базы предприятия и из-за отсутствия привлекательности инвестиций. В горнодобывающей промышленности большая часть инвестиций направлена в нефтегазовый сектор.

Ключевые слова: основной капитал, промышленное производство, научная техника, индустриально-инновационная политика государства.

НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ФАКТОРЛАРЫ

Мемлекеттің экономикалық саясаты ел экономикасының шикізаттық даму бағытынан арылып, өңдеуші өнеркәсіптерді дамыту жолымен экономика саласын әртараптандыру арқылы тұрақты даму жолына қол жеткізуді көздейді. Сондықтан өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге жарамды және экспортқа бағытталған тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттің индустриалды-инновациялық саясатының басты мақсаты.

Индустриалды-инновациялық саясатты жүзеге асыру экономика құрылымына сапалы өзгерістер әкелетіндігімен, соның ішінде адамзат, өндіріс және табиғи капиталдарды тиімді пайдалана отырып, экономиканың тұрақты өсуіне ықпал ететіндігімен сипатталады [1].

Қазіргі таңда негізгі өндірістік қорлардың жағдайы мен оларды тиімді пайдалану кәсіпорынның шаруашылық қызметінің соңғы нәтижесіне тікелей әсер етеді. Кәсіпорында негізгі құралдар мен өндірістік қуатын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру барлық техника-экономикалық көрсеткіштердің оң нәтижесін көрсетеді. Соның ішінде өнім көлемінің өсуіне, өзіндік құнның төмендеуіне, дайындаудың еңбек сыйымдылығына, табыстау және өндіріс рентабелділігінің өсуіне ықпал жасайды.

Кәсіпорында негізгі құралдарды қалыптастыруда ұтымды саясат жүргізудің маңызы зор. Ол ең алдымен кәсіпорында шығарылатын тауарларға нарықтық талаптарды және негізгі өндірістік қорлардың салалық ерекшеліктерін ескеру негізінде жүргізілуі тиіс. Кейінгі кезде еліміздегі өнеркәсіптегі негізгі капиталдардың жағдайына ерекше мән берілуде. Өйткені, оларды пайдалану деңгейі өнеркәсіптің және жалпы халық шаруашылығының даму жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Мұнымен қай кезде де кәсіпорындарда негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдалану мәселесіне үнемі назар аударылатыны түсіндіріледі.

Экономиканы әртараптандыруға бағытталған индустриалды-инновациялық стратегияны іске асыру үшін алдағы міндет – бәсеке қабілетті экономика үлгісін таңдап, экономиканың негізі – өндірісті дамыта отырып, шикізат өндіруде қоршаған ортаны ластанбай бірте-бірте таза өндіріске көшу, яғни қалдықсыз өндіріс деңгейіне жету жолында нарықтық тетіктерді қолдануымыз керек [2].

Отандық өнеркәсіптің тұрақты дамуына әсер ететін кедергілердің біріне өнеркәсіптегі техника сапасының төмен деңгейі болып отыр. Негізгі капиталдың моралдық және табиғи тозуға ұшырауы, кәсіпорындардағы өндірістің ескі құрал-жабдықтармен жұмыс істеуі импорттың аналогтармен бәсекеге түсе алмайтын сапасы төмен өнім өндіруге әкеп соқтырады. Өнімге сұраныстың аздығынан өндірістік қуат та толық жүктелмейді.

Қазіргі кезде қолданылатын техниканың ішінде де моралдық және табиғи тозығы жеткен құрал-жабдықтардың үлесі көп деп айтуға болады. Токтап тұрған құрал-жабдықтарды іске қосу шараларын ұйымдастыру әлеуеті төмен болып отыр. Жалпы моралды және табиғи тозығы жеткен өндірістік аппарат басым. Өндірістегі құрал-жабдықтардың орташа жасы 20 жылдан астам.

Бұндай капиталды ұзақ уақыт сақтау еліміздің өндірістік аппаратының әрі қарай ескіруіне әкеп соқтырады, экономиканың жоғарғы қарқынмен ішкі дамуына және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті жоғары өнім өндіруге мүмкіндік бермейді. Еліміздің техникалық артта қалуы күшейе түседі және ол жыл өткен сайын жинақталған ғылыми-техникалық әлеуеттің толық жойылуына әкеледі.

Бүгінгі таңда ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған жаңа аппараттық технологияларды әзірлеу мен игеру және республиканың өнеркәсіп пен ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан кәсіпорындарындағы негізгі құралдардың техникалық жағдайын үнемі көтеріп отыру, негізгі құралдарды үнемі жаңартып отыру саясатын ұйымдастыру бүгінгі күнде бәсекеге қабілеттілікті көтеруде басты өзекті стратегиялық міндеттері болып табылады.

Кез-келген кәсіпкер өз бизнесін тиімді жүргізуі үшін ең алдымен табыс әкелетін активтері болуы шарт, яғни негізгі капиталсыз мақсатын жүзеге асыра алмайды. Нарықтық экономиканың маңыздылығын еңбек өнімділігінің, өндіріс тиімділігінің өсуін ынталандырушы құрал ретінде қарастырсақ, осы жағдайлардың ішінде өндіріс тиімділігінің негізгі бағыттары мен олардың өсуіне әсер ететін факторлар және оларды анықтау әдістеріне басты назар аударылуы тиіс. Өндіріс тиімділігін анықтайтын маңызды критерийлер мен тиімділік көрсеткіштерін дәл анықтай білу керек. Кәсіпорындағы өндіріс тиімділігін бағалауда ең алдымен оның негізгі өндірістік қорының көрсеткіштерінің алатын

орны ерекше. Жалпы кәсіпорында өнім өндіру процесі үш фактор арқылы жүзеге асырылады: еңбек, еңбек құралы және еңбек пәні. Еңбек құралы (машина, құрал-жабдықтар, құралдар және т.б.) және еңбек пәні (шикізат, материал) өндірістік қордың заттық мазмұнының біріктіретін өндіріс құралдарын құрайды. Өндірістік қордың экономикалық мазмұны – бұл өнімнің құнының қалыптасуына қатысатын өндіріс құралы, ол өндіріс процесіндегі алатын орнына байланысты негізгі және айналым болып бөлінеді.

Кез-келген кәсіпорынның материалдық-техникалық базасының сипаты ондағы еңбек құралдарымен анықталады. Еңбек құралдары және ғимараттар мен құрылыстар кәсіпорынның материалдық техникалық базасының маңызды элементі болып табылады.

Экономика ғылымы барлық әртүрлі машина, ғимараттар, құрылыс, құрал-жабдықтарды «негізгі капитал» деген экономикалық категорияға біріктіреді. Бұны адам еңбек құралы ретінде пайдалана отырып, өз қажеттілігін толығымен қанағаттандырады.

Капитал табыс ағымына айналатын қызмет ағымын тудырады. Қандай да бір капиталдың қызметі қаншалықты жоғары бағаланған сайын, ол соншалықты жоғары табыс әкеледі. Сондықтан капитал деңгейін одан алынған табыс деңгейі негізінде бағалау керек.

Негізгі капиталдар қызметінің тиімділігіне бірнеше факторлар қатары әсер етеді. Олардың тиімді қызмет жасауына әсер етуші факторлар тобын ескере отырып негізгі құралдарды тиімді пайдалануды ұйымдастырудың маңызы зор. Ол кәсіпорын қызметінің жоғары тиімділікте, табыстылықта атқарылуына септігін тигізер бірден-бір себеп.


Негізгі құралдарды тиімді пайдалануды ұйымдастыруда ең біріншіден олардың құрылымдарына, яғни актив және пассив бөліктерінің үлесі ескерілуі қажет. Негізгі құралдардың құрылымының қалыптасуы өндірістік кәсіпорынның маманданған саласына, атқаратын қызметіне, шығарылатын өнім көлеміне байланысты болып келеді. Оларға негізінен келесідей факторлардың әсері зор: кәсіпорында шығарылатын өнімдердің конструктивті-технологиялық ерекшеліктері, өндіріс типі, өндірістің техникалық деңгейі мен технологиялық үрдісі, өндірісті шоғырландыру, мамандандыру, біріктіру, кооперациялау деңгейі кәсіпорын салаларының географиялық орналасуы.

Ірі габаритті, жоғары салмақты және күрделі конфигурациялы өндірісті дайындау, өндірістік

бірлік типі, моральды және табиғи тозған техника мен технологияны пайдалану кәсіпорындағы негізгі құралдардың пассив бөлігінің жоғарылығын сипаттайды, бұл кәсіпорын қызметінің тиімсіздігін білдіреді.

Ал, қарапайым конфигурациялы, жеңіл салмақты тауарларды өндіруде және массалық өндіріс типті кәсіпорындарды, технологиялық өнді-

ріс деңгейі жоғары, өндіріске үнемі жаңа техника мен ғылыми-техникалық прогресті ендіріп отыру, өнім өндіруде маманданған, ірі кәсіпорындарда, шикізат көздеріне, энергетикалық өндіріске, тұтынушыларға жақын орналасқан кәсіпорындарда негізгі құралдардың пассив бөлігінің төмен деңгейі сәйкесінше актив бөлігінің жоғары көрінісімен сипатталады [3].



1-сурет. Негізгі құралдар құрылымына әсер ететін факторлар

Көптеген зерттеушілер негізгі құралдарға әсер етуші факторларды өздерінше жіктеп көрсетуге тырысады. Өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындарда негізгі құралдарға әсер ететін факторлар тобын сала ерекшеліктерін ескере отырып, келесі суреттегідей жіктеп қарастырайық.

Кендерді өндіру кезіндегі табиғи факторлар. Табиғи факторлардың негізгі құралдарға әсері айтарлықтай, соның ішінде мұнай өндіру саласындағы негізгі өндірістік үрдістер ашық алаңдарда жүргізілетіндігімен байланыстыруға болады. Бұл фактор ең алдымен қор қайтарымдылығы мен қор сыйымдылығына әсер етеді:

- ауданның климаттық ерекшеліктері (өте төмен немесе өте жоғары температурадағы күндер саны, қар көшкіні, табиғи аппараттар т.б.);
- пайдалы кен мекенінің жағдайы (қор көлемі, олардың орналасуы, тұтастығы, кен орнындағы газ, су бөлінісінің тереңдігі, пласттардың қуаты және олардың саны);
- кендердің табиғи сапалы параметрлері.

Табиғи факторлардың өндіріске әсерін реттеу үшін келесідей мүмкіндіктер қарастырылады:

- барлау көлемін көбейту, кен орнының нақты жағдайын дәл тануға мүмкіндік береді.
- төзімді техника мен технологияны таңдау және құру;
- саланың перспективті орналасу схемасын құруда игеруге тек ең жақсы кен орындары мен участкелерін таңдау;
- өндіріске кен орнының тек қана тиімді бөлігін таңдау.

Техникалық және технологиялық факторлар, ол ғылыммен, минералды шикізаттар өндіру техникасы мен технологиясымен байланысты.

Мұнай өндірісін техникалық жетілдіру әртүрлі мақсаттарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- материалдық және энергетикалық шығындар бойынша экономикалық тиімділік алу;
- жетіспейтін материалдарды пайдалануға көшу;
- өндіріс объектілерінің ұзақ уақыт қызмет етуін қамтамасыз ету;

– бұрын тиімсіз, рентабелділігі жоқ және пайдалануға жарамсыз деп есептелініп, келген кен қалдықтарын, қорларын пайдалануда іске асыру;

– өндірісті интенсификациялау, оның масштабын өсіру, және сенімділігін көтеру;

– шығарылатын өнім сапасын жоғарылату;

– жұмыс орындарында қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайын қалыптастыру;

– өндірістің қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету;

– мұнай қалдықтарын, шикізатын ысырапсыз, тиімді пайдалану, яғни өндірісті әртараптандыру жолымен кәсіпорын экономикасының дамуын тездету.

Техникалық прогрестің кәсіпорын қызметінің экономикалық көрсеткіштеріне де тигізер әсері мол, кәсіпорында ғылыми-техникалық процесті жетілдіре отырып, жаңа инновациялық идеяларды әкелу ең алдымен табысқа, өзіндік құнға, еңбек өнімділігіне әсер етеді.

Негізгі өндірістік қорларды пайдалануға байланысты экономикалық факторлар. Нарықтық қатынастар жағдайында экономикалық факторлар келесідей көрсеткіштерге байланысты болады:

– негізгі өндірістік қорларды пайдалану тиімділігіне әсер етуші еңбек саны;

– құрал-жабдықтарды уақыт бойынша және құрал-жабдықтардың қуаты бойынша тиімді пайдалану;

– негізгі өндірістік қорлар құрылымын жетілдіру;


– негізгі өндірістік құралдарды пайдалануды басқаруды жетілдіру.

4. Ұйымдық факторлар, өндірісті шоғырландыру және интенсификациялау. Ғылыми-техникалық прогресс жағдайында ең алдымен өндірістік ұйым деңгейін жетілдірудің рөлі жоғары. Қор қайтарымдылығының көтерілуіне жұмыс істеп тұрған құрал-жабдықтардың пайдалану факторы

маңызды орын алады. Бос тұрған жабдықтарды жою, қондырылмаған құрал-жабдықтардың технологиялық қабілетсіздігін төмендету, қондырғылардың техникалық және пайдалану параметрлерін толық пайдалану нәтижесінде негізгі құралдарды пайдалануды жетілдіруге қол жеткізіледі.

Экономикалық көрсеткіштерді жетілдірудің маңызды факторлары – өндірісті интенсификациялау мен шоғырландыру болып табылады. Өндірісті техникалық прогресс, жаңа, жоғары өнімділікті технология және техниканы толық пайдалану мүмкіндігі өндірістік ұйымға жоғары дәрежеде әсер етеді.

5. Әлеуметтік факторлар, бұл ұйымдағы жұмысшылардың қарым-қатынасы. Сонымен қатар, кәсіпорында қоршаған ортаны қорғауға және техникалық қауіпсіздікке инвестицияны өсіру, кадрлардың біліктілігін, еңбек гигиенасын және тұрмыстық қызмет көрсетуші жұмысшылардың деңгейін көтеру арқылы негізгі қорлардың оң көрсеткішіне, соның ішінде қор қайтарымдылығының жоғары мән иеленуіне әсер етуге болады. Бұл мақсаттарға жұмсалған қаражаттар өндірістік тез өсуіне әкелмейді. Бірақ олардың тиімділігі белгілі уақыттарда кәсіпорын қызметінің нәтижесінде жалпы түрде көрінеді. Мысалы, техникалық қауіпсіздікке, өндірістік эстетикаға, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар жұмысшылардың техникалық ақаудан алатын жарақаттардың әртүрлі бақытсыз жағдайлардың, аурулардың болу мүмкіндігін төмендетеді, еңбекке жарамдылықты өсіре отырып, еңбек өнімділігі мен қор қайтарымдылығының өсуіне әсер етеді. Сондай-ақ білім беруді дамыту, ақпараттарды кеңейту тек қана білімділікке қажеттілікті қанағаттандырып қана қоймай, экономикалық тиімділік әкеледі, жаңа идеялардың, ойлардың тууына, дамуына мүмкіндік тудырады, негізгі құралдардың тиімділігін көтереді.



2-сурет. Өнеркәсіп саласындағы негізгі өндірістік құралдарға әсер етуші факторлар

Қазақстан Республикасының индустриалды инновациялық даму үлгісін қалыптастыру экономика дамуындағы басты бағыт болып отыр. Өнім сапасының халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, техникалық, амортизациялық саясатты жетілдіру және білікті мамандарды дайындау мен қайта даярлау жүйесін құру, сыртқы нарықта өнімді жылжыту және өндірісті әртараптандыруды қамтамасыз ететін жаңаша инфрақұрылым құру қазіргі заман талабы.

Өндірісті дамытудың негізі кәсіпорынның техникалық жарақтануы мен технологиялық деңгейінің жоғарылығымен сипатталады. Кәсіпорында үнемі негізгі капиталдарды жетілдіріп отыру, оларды тиімді пайдалануды ұтымды ұйымдастыру, жаңарту, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру шараларын ұдайы жүргізу арқылы сапалы, бәсекеге қабілетті экономикаға қол жеткізуге болады.

Негізгі капитал бұл кәсіпорынның маңызды активері болып табылады. Кәсіпорынның негізгі міндеті болып саналатыны ол негізгі өндірістік қордың шамадан тыс ескіріп қалмауына жол бермеу, себебі, олардың табиғи және моралдық (сапалық) тозуының деңгейі және кәсіпорынның жұмысының нәтижесі осыған байланысты болады. Моралдық тозуы ескірген негізгі қорлар өзінің конструкциялық, өнімділік, үнемділік,

шығарылған өнімнің сапалы жөнінен жаңа үлгіден қалып қоятынын білдіреді. Негізгі қорлардың тозуы олардың құнының экономикалық орнын толтыру амортизациялық аударым түрінде өнім өндіруге кеткен шығындарға қосылады.

Демек, негізгі капиталды жаңарту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Оларды өз уақытысында ауыстыру, техникамен жарақтандыру, модернизациялау, реконструкциялау үрдістерін жеделдету үшін инвестициялық және инновациялық ресурстардың қажеттілігі туындайды. Өнеркәсіп кәсіпорындарында жаңа техникаға қажеттіліктің өсуі, әсіресе, машина жасау өнеркәсібі өнімдерін сатып алуға инвестиция жеткіліксіз. Кәсіпорынның техникалық базасының төмендігінен және инвестицияның тартымды болмауынан соңғы жылдары өнеркәсіптің өңдеу секторында инвестиция белсенділігі бәсең болып келді [4].

Экономиканы әр тараптандыруға бағытталған индустриалды-инновациялық стратегияны іске асыру үшін алға қойылған міндет – бәсеке қабілеттілікті экономика үлгісін тандап, экономиканың негізі өндірісті дамыта отырып, шикізат өндіруде қоршаған ортаны ластанбай, негізгі қорларды тиімді пайдаланып, таза өндіріске көшу, яғни қалдықсыз өндіріс деңгейіне жету жолында нарықтық тетіктерді тиімді қолдануымыз қажет.

Әдебиеттер

- 1 Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 2 Әбдікаримова Г.И. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы. Алматы: Экономика, 2008. – 367 б.
- 3 Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 4 Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

References

- 1 Memleket basshysy N.A. Nazarbaevtyñ «Kazakhstan zholy – 2050: Bir mahsat, bir mudde, bir bolashah» atty 2014 zhylygy Kazakhstan halhyna Zholdauy
- 2 Abdikarimova G.I. Kasiporyn ekonomikasy: Ohu huraly. Almaty: Ekonomika, 2008. – 367 b.
- 3 Memleket basshysy N.A. Nazarbaevtyñ «Kazakhstan-2050» Strategiasy halyptashan memlekettin zhana saiasi bagyty» atty 2012 zhylygy Kazakhstan halhyna Zholdauy
- 4 Kazakhstan Respublikasynyn industrialdyh-innovassialyk damudyn 2015-2019 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы